



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 16 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І
2 0 1 2 ж ы л ғ ы 2 8 с ә у і р

*«Мир» ғарыш станциясы және «Бауырсақ»
ескерткіш монеталарын
айналысқа шығару туралы*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2012 жылғы 28 сәуірден бастап «Ғарыш» монеталар сериясынан «proof» сапасымен номиналдық құны 500 теңгелік биколорлы және нейзильбер қоспасынан жасалған номиналдық құны 50 теңгелік «Мир» ғарыш станциясы» ескерткіш монеталарын және «Қазақстан халықтарының ертегілері» монеталар сериясынан «proof» сапасымен номиналдық құны 500 теңгелік «Бауырсақ» ескерткіш күміс монетасын айналысқа шығару туралы хабарлайды.

«Ғарыш» монеталар сериясынан «Мир» ғарыш станциясы» ескерткіш монеталары күмістен/танталдан және нейзильбер қоспасынан жасалған, ғарышты зерттеу және ғаламның тылсым құпиясын ашу тарихындағы айтулы оқиғаларға арналған серияны жалғастыратын монеталардың жетінші жұбы болып табылады.

«Мир» («Салют-8») – күрделі көпмақсатты ғылыми-зерттеу кешенінен тұратын үшінші ұрпақтың кеңестік (кейіннен ресейлік) орбита станциясы. Орбитаға 1986 жылғы ақпанда шығарылды, 2001 жылғы 23 наурызда Тынық мұхитқа батырылды. 1995 жылдан бері станцияға шетелдік экипаждар келе бастады. Станцияда барлығы 12 елден 104 ғарышкер жұмыс істеді.

Ескерткіш биколорлы (құрамдас) монета аэроғарыш өнеркәсібінде кеңінен пайдаланылатын металл – танталды қолдана отырып жасалған.

Нейзильбер қоспасынан жасалған және биколорлы екі монетаның бет жағындағы және сырт жағындағы бейнелері бірдей. «Proof» сапалы биколорлы монетадағы бейне жалтыратып салынған.

Биколорлы (құрамдас) монетаның пішіні дөңгелек, ол біріктіре орналасқан сақина мен дискіден тұрады. Монетаның ішкі дискі танталдан, сыртқы сақинасы күмістен жасалған.

Монеталардың бет жағында (аверсінде) ортасында адамзат пен ғаламшардың бірлігін, өткен күн мен осы күннің байланысын білдіретін композиция бейнеленген. Оң жақ бөлігінде монетаның номиналы (биколорлы монетада «500 ТЕҢГЕ», нейзильбер қоспасынан жасалған монетада «50 ТЕҢГЕ») жазылған. Номиналдың астында Қазақстан теңге сарайының тауар белгісі бар (биколорлы монетада монета дайындалған металды, оның сынамы мен массасын білдіретін екі қатарға жазылған «Ag 925 14,6 gr. Та 26,8 gr.» деген жазу бар). Айналысқа мемлекеттік тілде «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ» және ағылшын тілінде «REPUBLIC OF KAZAKHSTAN» деген жазу бар.

Монеталардың сырт жағында (реверсінде) ортасында жер орбитасының жанындағы «Мир» ғарыш станциясының бейнесі орналасқан. Жоғары бөлігінде – «Мир» станциясының эмблемасы. Айналысқа мемлекеттік тілде «МИР» ҒАРЫШ СТАНЦИЯСЫ» деген жазу, соғылған жылын білдіретін «2012» деген сан және ағылшын тілінде «SPACE STATION «MIR»» деген жазу бар.

Монетаның бет және сырт жағындағы бейнелер мен жазулар бедерленген. Айналысқа шығыңқы жиек жүргізілген.

Ескерткіш монеталар:

1) биколорлы жасалған, сақина - сынамы 925/1000 күмістен, массасы 14,6 грамм, диск – массасы 26,8 грамм танталдан жасалған, диаметрі – 38,61мм., «proof» сапасымен дайындалған, таралымы – 5 мың дана, қыры (гурты) бедерлі;



2) «нейзильбер» қоспасынан жасалған, диаметрі – 31 мм., массасы – 11,17 грамм, таралымы – 50 мың дана, қыры (гурты) бедерлі.



«Бауырсақ» ескерткіш монетасы Қазақстан халықтарының ертегілеріне арналған серияның екінші монетасы.

Бауырсақ - орыстың халық ертегісі.

Монетаның бет жағында (аверсінде) ортасында ою-өрнек аясында Қазақстан Республикасының елтаңбасы бейнеленген. Төменгі бөлігінде монетаның номиналын білдіретін «500» деген сан және «ТЕНГЕ» деген жазу бар. Сол және оң жақ бөліктерде ұлттық ою-өрнек элементі бір деңгейде бейнеленген. Айналдыра мемлекеттік тілде «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ» және орыс тілінде «РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН» деген жазу бар.

Сырт жағында (реверсінде) монетаны бойлай ертегі кейіпкерлері бейнеленген, ортасында мемлекеттік тілде «БАУЫРСАҚ» және орыс тілінде «КОЛОБОК» деген жазу бар. Монетаның жоғарғы бөлігінде монета дайындалған металды, оның сынамы мен массасын білдіретін «Ag 925 31,1gr.» деген жазу, соғылған жылын білдіретін «2012» деген сан және Қазақстан теңге сарайының тауар белгісі бар.

Монетаның бет және сырт жағындағы бейнелер мен жазулар бедерленген. Айналдыра шығыңқы жиек жүргізілген.

Қыры (гурты) бедерлі.

Монеталар 925 сынамды күмістен жасалған, массасы 31,1 грамм, диаметрі – 38,61 мм, дайындау сапасы – «proof», таралымы – 4 мың дана.



Номиналы 500 теңгелік және 50 теңгелік ескерткіш монеталар Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында көрсетілген құнымен төлемнің барлық түрлері бойынша, сондай-ақ шоттарға, салымдарға, аккредитивтерге есептеу үшін және аударым жасау үшін қабылдануға міндетті, Қазақстан Республикасының барлық банктерінде шектеусіз ұсақталады және айырбасталады.

Ескерткіш монеталарды «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан теңге сарайы» шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорны дайындаған.

Монеталардың дизайны Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 25 қыркүйектегі № 1193 Жарлығымен бекітілген Қазақстан теңгесі – ұлттық валюта банкноттары мен монеталары дизайнының тұжырымдамасына сәйкес әзірленген.

«Proof» сапасымен жасалған ескерткіш монеталар коллекциялық құны бойынша сатуға арналған. Олар кәдесыйлық ораумен шығарылады және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдеріндегі нөмірлік сапа сертификатымен жабдықталған.

Нейзильбер қоспасынан жасалған ескерткіш монеталардың бір мың данасы сату үшін арнайы пластикалық термовакуумды орауға оралған.

Монеталарды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің барлық филиалдарында, Алматы қаласында мына мекенжай бойынша сатып алуға болады: Панфилов көшесі, 98. Анықтама үшін телефоны (727) 273-83-98.

Барынша жан-жақты ақпаратты мынадай телефондар бойынша алуға болады:

+7 (727) 2 704 639, +7 (727) 2704-654; E-mail: press@nationalbank.kz www.nationalbank.kz